



«Бекітемін»
«Әйгерім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
К.Ж.Жуманазарова
«05» 03 2026 жыл

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі
жұмыс жоспары**

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Ақпарат жинау: Персоналды басқару бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: 1) лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі; 2) конкурстық іріктеуді өткізбей лауазымға тағайындау; 3) конкурстық іріктеуді ресми жүргізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау; 4) бос жұмыс орнының болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген адамдар туралы ақпаратты орналастырылмауың уақтылы және/немесе толық орналастырылмауы; 5) іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.) 6) әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін мәселелерді қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы; 7) кандидаттар үшін тең емес жағдайлар жасау; 8) кандидаттарды жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын адамдарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу; 9) қызметкерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымына көтеру, өзге де лауазымдарға ауыстыру; 10) талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы; 11) алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу; 12) мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жазалардың үлкен үлес салмағы; 13) жұмыс нәтижелеріне қарамастан қызметкерлерді талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша көтермелеу; 14) тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау; 15) заңнаманы бұзған немесе оған жол берген, жексе немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе шектеген адамдарға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және т.б.	05.03.2026	Н.Омарова
2	Ақпарат жинау: Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: 1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжаттың (саясаттың) болмауы; 2) мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелген тұлғаның болмауы;	05.03.2026	,

	3) мүдделер қақтығысының мониторингі және оны реттеу бойынша шаралар қолданбау; 4) бір жағынан әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарлы көрсеткіштер арасында қайшылықтардың болуы; 5) реттеуші және бақылау функциялары арасындағы қайшылықтардың болуы; 6) талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау кезіндегі мүдделер қақтығысы фактілері; 7) алкалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы болып табылады;		
3	Ақпарат жинау: Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: 1) мемлекеттік қызметтер көрсетудің нақты процестерінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде қызметтер көрсету мерзімдерін бұзудың, құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері, қызметтер көрсету рәсімдері тәртібін бұзу фактілері; 2) мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қайшылықтары; 3) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіпті бұзуға әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі; 4) ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процестерін «қолмен» түзету мүмкіндігі; 5) құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін тікелей көрсетілетін қызметті беруші арқылы беру; 6) жана құқықтық актіні бекітпей-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларды жоюға қою; 7) мемлекеттік қызмет көрсетуді реттейтін құқықтық актіні тым ұзақ қабылдау; 8) «жасырын» мемлекеттік қызметтер көрсету, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңда белгіленген тәртіппен рұқсат беру құжаттарын немесе келісулерді беру;	06.03.2026	
4	Ақпарат жинау: Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: 1) рұқсат беру функцияларын іске асыру тәртібінің болмауы немесе ішінара реттелуі (қажетті құжаттар, көрсету нысаны, мерзімдері, нәтижесі, бас тарту негіздері және т.б.); 2) рұқсат беру функциялары іске асырудың нақты рәсімдерінің құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) рұқсат беру функциялары іске асыру кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіпті бұзуға әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі; 4) ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде рұқсат беру функциялары процестерін «қолмен» түзету мүмкіндігі; 5) жеке және заңды тұлғаларымен тікелей байланыс болып табылады.	06.03.2026	

5	Ақпарат жинау: Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: 1) Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін бұзудың жүйелі фактілері; 2) Тізбесі құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері; 3) Бақылау іс-шараларын жүргізу рәсімдерін бұзудың жүйелі фактілері; 4) Бақылау шараларын жүргізу кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіпті бұзуға әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі; 5) Ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде бақылау іс-шараларының процестерін «қолмен» түзету мүмкіндігі; 6) тексеру іс-шараларын жүргізу мерзімдерінің, қамтылатын кезеңнің, бақылау іс-шараларын жүргізуге уәкілетті адамдардың өкілеттерінің, бақылау объектілерін іріктеу критерийлерінің, тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша шешім қабылдаудың, бақылау іс-шараларын тоқтата тұру немесе ұзарту рәсімдерінің болмауы не ішінара реттелуі; 7) бақылау объектілерін іріктеу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы; 8) фото және бейне тіркеу бойынша қойылатын талаптардың болмауы; 9) тексеру парағы талаптарының негізсіздігі; 10) жоғары тұрған органның тапсырмалары негізінде бақылау іс-шараларын жүргізу; 11) бланкілер мен нұскамаларды белгіленбеген орындарда сақтау; 12) бланкілер мен ұйғарымдарды есепке алуды жүргізуге жауапты адамдардың болмауы; 13) ведомстволық актілермен бланкілерді есепке алу бойынша тиісті регламенттеудің болмауы; 14) өңірлер, бұзушылықтар түрлері, қолданылатын санкциялар бөлінісінде бақылау іс-шараларын талдау бойынша жұмыстың болмауы немесе жеткіліксіздігі; 15) практикада проблемаларды анықтау және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу жөніндегі шаралардың болмауы; 16) құқықтық статистика органдарымен салыстыру жүргізбеу; 17) мемлекеттік органның орталық аппараты, мемлекеттік сынайлы сектор субъектісі тарапынан әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар, нұсқаулар жіберу, өзге де түсіндіру және оқыту іс-шараларын жүргізу және т.б. арқылы әдіснамалық сүйемелдеудің болмауы.	10.03.2026	
6	Ақпарат жинау: Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары: 1) бюджетті, бекітетін немесе қаржы қаражатын игеру бойынша шешім қабылдайтын алқалы органның болмауы; 2) алқалы органның қызметін регламенттейтін құжаттың, оның ішінде мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережелердің, алқалы орган мүшелерінің дербес жауапкершілігінің болмауы; 3) есептілік түрлерінің, мониторинг тетіктерінің, бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу рәсімдеріне ішкі және сыртқы бақылаудың болмауы немесе нашар пысықталуы;	10.03.2026	

	4) бюджет және қаржы қаражатын игеру бойынша есептілік түрлерінің болмауы немесе нашар пысықталуы; 5) тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы; 6) талдау объектісінің бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жасау кезінде ішкі аудит, ішкі бақылау жөніндегі функцияларды орындайтын бөлімшелердің болмауы; 7) алдыңғы 2 жылда талдау объектісі бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жүргізген кезде аудит, ревизия және қаржылық бақылаудың өзге де шаралары жөніндегі іс-шаралардың болмауы; 8) бюджет және қаржы қаражатын жұмсаудың ашық еместігі, оның ішінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның тармағының сақталмауы; 9) сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкес келмеуі; 10) тауар бірлігіне белгіленген бағаның негізсіз болуы; 11) тауарларлардың жоспарланған құнының нарықтық құнына сәйкес келмеуі; 12) сатып алу жоспарының мемлекеттік сатып алу порталында уақытылы орналастырылмауы; 13) сатып алуды бәсекелес өнім берушіге қатысты техникалық ерекшеліктерде «ұштау» деп аталатын сипаттамалардың болуы; 14) мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдықбақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою фактілерінің болуы; 15) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын тексеру кезінде бұзушылықтарды анықтау фактілерінің бар болуы; 16) жабдықтаушының тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақытылы және сапалы орындауы; 17) жеткізу шартының талаптарын тиісінше орындамаған жабдықтаушыларға қатысты ден қою шараларын уақытылымен толықтай қабылдауы.		
7	Ақпарат жинау: <i>Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:</i> 1) жобаны қосарланған қаржыландыру, 2) IT саланың дамуына әсер етпейтін жобаларды қаржыландыру; 3) Қаржыландыруға қажетті іс-шаралардың нақты тізбесінің болмауы; 4) Қызметтер құнының негізділігін тексеру тетігінің болмауы, нарықта IT өнімнің түпкілікті құнын жасанды түрде көтеруге ықпал ететін осындай әзірлемелердің болуы; 5) Зияткерлік меншік объектісі ретінде шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы сатып алу; 6) Әлеуетті жабдықтаушылар ретінде конкурсқа үлестес ұйымдар қатысқан кезде жасанды бәсекелестік; 7) Ақпараттық жүйелердің қайталануы; 8) Ақпараттық жүйелердің ашықтығы;	11.03.2026	

	9) Талап етілмеген акпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалануға енгізілмеген акпараттық жүйелерді пайдалану.		
8	Ақпарат жинау: <i>Талдау объектісінің ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ талдау объектісі қызметінің оның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылына байланысты мынадай бағыттары жатады:</i> 1) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу, оның ішінде субсидиялар, гранттар, сыйақылар, демеушілік көмек төлеу, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу және сатып алу; 2) салықтар мен өзге де төлемдерді жинау; 3) шарттар жасау; 4) қызметтің ашықтығы мен жариялылығы;	12.03.2026	
9	Талдамалық анықтама әзірлеу	13.03.2026	
10	Талдамалық анықтамамен келісу	16.03.2026	